



Консультациялық пункт жұмысының жұмыс жоспары

Уақыты	Тақырыбы	Ойын сауық	Жауаптылар
Қыркүйек	Консультациялық пунктті іске қосуды ақпараттық сүйемелдеу: - Әлеуметтік желілеріндегі жарияланымдар; - МДҰ сайтындағы ақпарат.	Кеңес	Менгеруші: Тойымбетова.Ж.Т Әдіскер: Набикулова.Ф.Ж.
Қазан	«Баланы кітап қарауға, оқуға үйрету» «Балалардың музыкалық ырғағын дамыту»	Кеңес	Тәрбиеші: АшпіралиеваА.С. Музыка жетекшісі: Ортай.М.Н.
Қараша	«Баланың физикалық дамуы»	Жылжымалы папка	Дене шынықтыру жетекшісі: А.С. Мауленкулова
	Ойын арқылы баланың саусағын бұлшық еттерін дамыту	Кеңес	Логопед Райсова.Е.Е.
	«Тұмаумен қалай ауырмауға болады?»	Кеңес беру	Мейірбике: Арқабай.С.А.
Желтоқсан	«Массаж кілемшелері-бұл теңдесі жоқ рахат және балаларды қатайту құралы»	Іскерлік ойын	Дене шынықтыру жетекшісі: А.С. Мауленкулова
Қаңтар	«Балалардың музыкалық ырғағын дамыту» кеңес	Кеңес	Музыка жетекшісі: Оразбаева А.М.
	«Сурет салудың дәстүрлі емес формалары арқылы ұсақ моториканы дамыту»	Шебер-сынып	Психолог: Алимбекова.А.Б.
Наурыз	«Үйде қандай дамытушы ойындарын ойнауға болады?»	Кеңес	Тәрбиеші: А.К. Рыспаева
	«Мереке күндері және демалыс кезеңінде режимді сақтау»	Кеңес	Әдіскр: Набикулова Ф.Ж.
Сәуір	«Баланы мектепке қалай дайындау керек?»	Кеңес	Психолог: А.Б. Алимбекова
	Мектеп жасына дейінгі баланың дұрыс сөйлеуін қалыптастыруда ата-ананың рөлі	Кеңес	Логопед Е.Е. Раисова
Мамыр	«Дені сау-бала»	Кеңес	К.С.Жарылкасынова

«Баланың физикалық дамуы»

Дене тәрбие нұсқаушысы: Мауленкулова А.С.

«Баланың физикалық дамуы»

Мектепке дейінгі кезең – баланың ағзасы мен қимыл-қозғалысының қарқынды дамитын ең нәзік әрі маңызды шағы. Бұл кезеңде бала ағзасының табиғи жетілуі ғана емес, өмірлік дағдылары мен мінез-құлқының негізі қаланады. Дәл осы шақта денсаулықтың мықты іргетасы қаланып, қозғалыс белсенділігі арқылы бұлшық еттері нығайып, жүйке жүйесі тұрақтанады, жүрек-қан тамырлары мен тыныс алу мүшелері дұрыс дамиды.

Физикалық дамудың маңызы тек дене саулығында емес, сонымен қатар ақыл-ой қабілеттерін, эмоциялық тұрақтылықты және жеке тұлғаның үйлесімді дамуын қамтамасыз ететіндігінде. Баланың денесі шыныққан сайын оның өзіне деген сенімі артады, қоршаған ортамен қарым-қатынасы жақсарады, белсенділігі артып, өмірге деген құштарлығы күшейеді. Сондықтан балабақшада да, отбасында да жүйелі түрде денсаулықты нығайтуға бағытталған жұмыс жүргізілуі аса қажет.

Баланың табиғи қозғалысқа деген құштарлығын қолдау – оның денсаулығын нығайтудың басты шарты. Мектепке дейінгі жаста бала бойындағы энергиясын әртүрлі қимылдар арқылы шығарады. Жүгіру, секіру, еңбектеу, өрмелеу секілді қарапайым қозғалыстардың өзі жүрек пен өкпенің жұмысын жақсартып, қан айналымын қалыпқа келтіреді, сүйек пен бұлшық еттерді жетілдіреді. Әрбір күнделікті қозғалыс – болашақтағы денсаулықтың кепілі. Белсенді баланың имунитеті жоғары болады, ол жиі сырқырай бермейді, суыққа төзімділігі артады. Дене белсенділігі болашақта түрлі аурулардың алдын алып, ұзақ әрі сапалы өмір сүруге негіз қалайды. Қозғалыс – ақыл-ойдың серігі. Физикалық даму тек денсаулығына ғана емес, ойлау қабілетінің дамуына да тікелей ықпал етеді. Қимыл белсенділігі кезінде қан айналымы күшейіп, ми жасушаларына оттегі мол жеткізіледі, бұл баланың есте сақтау қабілетін, назарын шоғырландыруын, ойлау шапшаңдығын арттырады. Серуен кезіндегі қозғалмалы ойындар мен спорттық жаттығулар қиялды дамытады, сөйлеуді жетілдіреді, шығармашылық ойлауға жетелейді. Мысалы, түрлі эстафеталық ойындарда бала тек қимыл жасап қоймайды, сонымен бірге жоспар құруға, шешім қабылдауға дағдыланады. Яғни, дене қозғалысы – ой еңбегінің дамуына түрткі болатын қуатты құрал. Физикалық даму – тәрбиенің ажырамас бөлігі. Қимыл-қозғалысқа негізделген ойындар мен жаттығулар баланы тәртіпке баулиды. Командалық ойындар ережені сақтауға, топпен ынтымақтаса білуге үйретеді. Бала жеңіске жеткенде қуанып, жеңілгенде сабыр сақтауды, төзімді болуды үйренеді. Спорттық белсенділік арқылы балада ерік-жігер, батылдық, шыдамдылық сияқты қасиеттер қалыптасады. Мысалы, белгілі бір жаттығуды орындаудағы табандылық немесе жарыстағы қайсарлық – кейінгі өмірінде де қажет болатын өмірлік дағдылар. Осылайша физикалық даму – мінез-құлықты тәрбиелеудің де құралы болып табылады. Балабақша – физикалық дамудың жүйелі түрде іске асатын маңызды ортасы. Мұнда күнделікті таңғы жаттығулар, серуен кезіндегі қозғалмалы ойындар, арнайы ұйымдастырылған дене шынықтыру сабақтары өткізіледі. Бұл жұмыстар баланың қимыл белсенділігін арттырып қана қоймай, салауатты өмір салтын қалыптастыруға негіз болады. Тәрбиеші мен мұғалімнің дұрыс ұйымдастырған әрбір ойыны немесе жаттығуы балада қозғалысқа деген қызығушылықты оятады. Сонымен қатар спортқа бейімделген бала алдағы өмірінде де денсаулығын күтуге, спортпен тұрақты шұғылдануға әдеттенеді. Осылайша балабақшадағы дене тәрбиесі – болашақта салауатты ұрпақ қалыптастырудың алғы шарты. Балабақша жасындағы балалардың физикалық белсенділігі олардың денсаулығына, дұрыс өсуіне және дамуына ықпал етеді. Бұл жастағы балаларда сүйек-бұлшықет жүйесінің дамуы, моторикасының

жетілуі, қозғалыс дағдыларының қалыптасуы маңызды болып табылады. Балабақшадағы физикалық белсенділік — балалардың жүрек-қан тамырлары, тыныс алу, бұлшықет және жүйке жүйелерінің дұрыс дамуын қамтамасыз ететін тиімді әдіс болып табылады.

Кез келген іс-әрекеттегі табыс көбінесе баланың физикалық жағдайымен анықталады. Дене дамуы балалардың жас ерекшеліктерімен тығыз байланысты. Мектеп жасына дейінгі балалар үшін ол ең алдымен денсаулықты нығайтуға, қозғалыс дағдыларын дамытуға, дене қасиеттерін дамытуға, мәдени-гигиеналық дағдылар мен ережелерді меңгеруге бағытталған. Мектепке дейінгі жастағы балалардың белсенділігі ең алдымен кимыл-қозғалыспен көрінеді. Қимыл-қозғалыс неғұрлым алуан-алуан болса, миға ақпарат неғұрлым көп түссе, интеллектуалдық дамуы соғұрлым қарқынды болады. Қимыл-қозғалыстардың дамуы психикалық дұрыс дамудың бір көрсеткіші болып табылады.

Балабақшада физикалық белсенділік тек арнайы ұйымдастырылған жаттығулармен шектелмейді. Балалар үшін табиғатта серуендеу, ашық алаңда ойындар ойнау да маңызды рөл атқарады. Бұл уақыт балалардың қозғалыс белсенділігін арттырып, табиғатпен тығыз байланыста болуына мүмкіндік береді. Табиғат аясында балалардың денсаулығы нығаяды, әрі олар өздерінің физикалық мүмкіндіктерін ашып, жаңа дағдыларды меңгереді.

Қорыта айтқанда, мектепке дейінгі жастағы физикалық даму – баланың болашақ денсаулығы мен тұлғалық дамуының басты тірегі. Бұл кезеңде баланың денесін шынықтыру арқылы оның жан дүниесі де қалыптасады: ол төзімді, батыл, тәртіпті әрі өзіне сенімді болып өседі. Балабақшада балалардың физикалық белсенділігін ұйымдастыру — олардың денсаулығы мен дамуына үлкен әсер ететін маңызды аспект. Жүргізілген физикалық белсенділік балалардың физикалық, психологиялық және әлеуметтік дамуына ықпал етеді. Сондықтан, балабақшада балалардың қозғалыс белсенділігін дұрыс ұйымдастыру және оларға физикалық дамудың қажетті жағдайларын жасау — олардың салауатты өмір салтын қалыптастырудағы маңызды қадам болып табылады. Физикалық дамудың нәтижесінде бала денсаулығын нығайтып қана қоймайды, сонымен бірге ерік-жігерді, жауапкершілікті, ынтымақты бойына сіңіреді. Отбасы мен балабақша бірлесе отырып, балалардың күнделікті қозғалыс белсенділігін қамтамасыз етуге, спортқа деген сүйіспеншілігін қалыптастыруға күш салуы қажет. Өйткені дені сау, шымыр, белсенді бала – ертеңгі қоғамның мықты да табысты азаматы болмақ.



